



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

17.02.2023 ж.

№ 22, 3-т.

**Шымкент қаласы
кәсіподақ ұйымындағы
ақпараттық жұмыс жағдайы туралы**

Кәсіподақтың Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымы» ҚБ төрағасы Л.В. Тургинбаеваның Шымкент қаласының кәсіподақ ұйымындағы ақпараттық жұмыс жағдайы туралы ақпараты назарға алынсын.

2. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымы» ҚБ басқару органы:

- заманауи әдістер мен талаптарды ескере отырып, қалалық ұйымның бұрын жұмыс істеп тұрған сайттың қызметін жүргізсін;

- алқалы органның отырысында қалалық ұйымның ақпараттық жұмысын одан әрі жетілдіру туралы мәселені қарауды жалғастырсын;

- ақпараттық-насихаттық жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру бойынша шаралар қабылдасын;

- бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға ұсынылатын ақпараттық материалдардың сапасы мен мазмұнын жақсартсын;

- әлеуметтік желілерде және сайтта кәсіподақ мүшелерінің заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту және басқа да қабылданған шаралар туралы өзекті ақпаратты тұрақты түрде жарияласын;

- Кәсіподақтың Орталық комитетінің әлеуметтік желісіне және сайтына жарияланатын ақпараттардың санын көбейтсін;

- салалық кәсіподақ қызметі туралы қызметкерлерді жедел хабардар ету үшін Кәсіподақтың Орталық Комитетінің сайтын және Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерін белсенді пайдалансын;

- Шымкент қалалық ұйымының әлеуметтік желілерде тиісті атаумен парақшасын құрсын, сонымен қатар жазылушылар санын арттыру бойынша жұмыстар жүргізсін;

- кәсіподақ қызметінің маңызды және өзекті мәселелері бойынша кәсіподақ органдары басшыларының журналистермен баспасөз

конференцияларын, кездесулерін және брифингтерін жүйелі түрде өткізуді тәжірибеге алсын;

- ақпараттық жұмыстарға жүйелі түрде мониторинг жүргізісін.

3. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымы» ҚБ төрағасы Л.В. Тургинбаева осы қаулының орындалуы туралы 2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін Кәсіподақтың Орталық Комитетіне ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары Ә.Ә. Әбиеваға жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева